

## КҮЛӘШ ЖАЙЫНДА (АЗАНАМА)



Қазақ искусствосы ауыр қазаға ұшырады – сахналық искусствоның аса көрнекті шебері, Совет Одағының халық әртісі, КПСС мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Сталиндік сыйлықтың екі рет лауреаты, Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас солисі Күләш Байсейітова мезгілсіз қайтыс болды.

Күләш Байсейітова 1912 жылы Алматы қаласында кедей қолөнерші семьясында туды. Ол өзінің сахналық қызметін 1930 жылы Қазақтың тұңғыш музыкалық драма театрының әртісі болудан бастады. Ол бұл театрды құруға белсене қатысқан болатын. 1934 жылдан бастап өз өмірінің соңғы күндеріне дейін ол опера театрының солисі болды.

Өзінің қысқа өмірінің ішінде Күләш қазақтың опералық сахнасын байытқан көптеген рөлдерді, оның ішінде: «Жалбыр» операсындағы Қадидша, «Абай» операсындағы Ажар, «Ер Тарғын» операсындағы Ақжүніс, «Бекет» операсындағы Зере, «Біржан мен Сара» операсындағы Сара, «Даиси» операсындағы Маро рөлдерін ойнады. Үлкен талант иесі Күләш халыққа әйгілі ару Қыз Жібектің ұмытылмас образын жасады. Күләш Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсындағы Пушкиннің Татьянасын және Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» операсындағы Баттерфляйді қазақ сахнасында тұңғыш рет шығарды.

Театр искусствосының халық өнері тудырған тамаша шебері Күләш советтік Қазақстанның социалистік мәдениетін дамытуға теңдесі жоқ талантымен зор үлес қосты. Партия мен Үкіметтің мәдениетті дамыту жөніндегі орасан зор қамқорлығының арқасында Күләш Байсейітова совет искусствосының аса көрнекті қайраткері болып өсті. Ол халықтың шын сүйіспеншілігіне бөленіп, «Қазақстан бұлбұлы» атанды.

Өзінің сахналық қызметімен бірге Күләш операның жаңа кадрларын тәрбиелеу жөнінде тынбастан еңбек етті, өзінің вокалдық-сахналық бай тәжірибесін жас ұрпаққа үздіксіз үйретіп отырды. Күләш Байсейітова талантты әртіс қана емес, сонымен бірге белгілі қоғам қайраткері де болды. 1938 жылы ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды және содан бері үнемі халықтың адал қызметшісі болып келді.

Ол екінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің мүшесі болды.

Советтік искусство саласындағы аса көрнекті қызметі үшін оған Совет Одағының халық әртісі деген жоғары атақ берілді. Совет үкіметі Күләш

Байсейітованың еңбектерін жоғары бағалап, оны Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен наградтады.

Дарынды өнерпаз, қоғам қайраткері, сүйкімді жан, сүйікті жолдасымыз қымбатты Күләштің жарқын бейнесі қазақтың жүрегінде ұзақ сақталады.

И.Д. Яковлев, Д.А. Қонаев, Ж.А. Тәшенов, Н.И. Журин, Ф.К. Кәрібжанов, И.Т. Тәжиев, Н.Д. Жандильдин, Қ.И. Сәтбаев, Б.Б. Бейсебаев, С.Ф. Николаев, В.В. Губин, Н.В. Дыхнов, Л.Г. Мельников, М.И. Горбунов, Т.Т. Тәжібаев, К.Н. Крюкова, М.Ж. Бейсенова, С. Бейсембаев, А.Т. Иванов, Ә.Қ. Қанапин, А.С. Федулин, Б. Қосынов, Ж. Исмағұлов, В.В. Шепелев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, И. Шухов, Д. Снегин, Ғ. Мұстафин, Р. Жұмин, Қ. Жандарбеков, Қ. Қуанышбаев, Шара, Н.К. Куклина, А.И. Круглыхина, Ш. Бейсекова, Е.Г. Брусиловский, Ж. Омаров, М. Төлебаев, А. Жұбанов, Қ. Қожамьяров, В.М. Портнов, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов және басқалар.

*«Қазақ әдебиеті». –1957. – 07 маусым*